

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Әлібекова Сандугаш Нұрлабекқызының «Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұргындарының денсаулық жағдайын
жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындагы диссертациялық жұмысында ресми**

РЕЦЕНЗЕНТІНДІК ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Олшемшарттарға сәйкестігі (жауп нұскаларының бірін сизу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытында сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)</p> <p>Диссертациялық жұмыстың кіріспе болімінде ҚР бағдарламалық күжаттарына, стандарттарға сәйкес келетін сұлтемелер көлтіріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесінекі туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі №ЕҚР ДСМ – 108/2020 бұйрығы. - «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және коллежтіңді денсаулық сактау» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандагы №725 қауылсы. - Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға ариалған даму жоспары <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты – Өмір және денсаулық туралы ғылымға сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган .	Диссертацияның маңыздылығы күмән тұтынбайды. Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұргындарының денсаулық тобына асер етегін медициналық-биологиялық, әлеуметтік-гигиеналық, өмір сүру салты себептерінің тигізетін асерін бағалау

			барысында кол жеткізілген материалдары жаңалығымен айқындалады. Такырып бойынша ербір әкімшілік аудандардағы омір сүрудің ерекшеліктеріне қараған профилактикалық-сауықтыру шараларының үйімдастыру бағдарламасы жасалған. Сондыктан, жұмыстың негізгі нәтижелері мен диссертацияда тұжырымдалған корытындылардың жаңалық деңгейі жоғары деуге негіз бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) томен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың деңгейі жоғары екендігін атап откес жөн. Автор Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарды туралы статистикалық мәліметтермен жұмыс жасай отырып, тұрғындардың денсаулық көрсеткіштеріне қандай факторлар асер еттіндігін толық анып көрсетті. Статистикалық өндіріс жұмыстарын жүргізген. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында сауалнама жүргізді. Аталған сауалнама денсаулық сактау туралы тұрғындар арасында сауаттылықты жаксартуга ықпал етеді. Жұмыстың нәтижелерін қолдана отырып, еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарға медициналық көмекті үйімдастыру жүйесінің технологиялық моделі бойынша тәжірибелі ұсылыска ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу актілері алынды. Осы жұмыстың нәтижелері жұмыстың жоғары деңгейін және автордың Көгамдық денсаулық сактау ғылымына елеулі үлесін көрсетеді. Диссертация такырыбы бойынша макалалар жарияланап, ғылыми конференцияларда

			баяндады.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті тақырыптардың бірі. Тақырыптың өзектілігі әдебиеттерге тереңін үйілу арқылы дәлелденді. Әсіреке Түркістан облысы бойынша еңбекке кабілетті жастағы тұрғындардың арасында денсаулық корсеткіштеріне әсер ететін факторлардың әкімшілік аудандар бойынша жіктелу ерекшеліктері толық айқындалған. Тұрғындар денсаулығын жаксартуға ғылыми негізделген тұжырымдар жасау арқылы накты ізтижелерге кол жеткізілген. Түркістан облысында жалпы денсаулық корсеткіштеріне, накты айтқанда аурушаңдық корсеткіштеріне талдау жүргізілмеген. Түркістан облысында еңбекке кабілетті жастағы тұрғындардың аурушаңдық корсеткіштерін талдау арқылы жүргізілген зерттеу жұмысының маңыздылығы айқын.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.</p>	<p>Диссертацияның кіріспе, әдебиеттерге шолу, материалдар мен әдістер, зерттеу барысында алғынған ізтижелер, корытынды, тәжірибелік ұсыныстар тақырыпты толық айқындайды. Автор диссертация тақырыбын еңбекке кабілетті жастағы тұрғындардың өмір сүру салтының ерекшеліктерінен бастап, әкімшілік аудандар бойынша денсаулық корсеткіштерін анықтап, олардың құрамдық және деңгейлік қалыптасу заңдылықтарын анықтаудың ғылыми тұрғыда негізделген моделін жасау арқылы нактылады.</p>
		4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Докторант ұсынылған диссертациялық жұмыстың максатын келесідей тұжырымдады:

		<p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Түркістан облысының енбекке кабілетті жастағы тұрғындарының денсаулығының нығайту және аурушандық көрсеткіштериниң деңгейін томендегуте бағытталған медициналық профилактикалық іс-шараларының үйімдастырылуын жетілдіру.</p> <p>Осы атаптаған мақсатка жету үшін 4 міндет койылды: Біріншіден, Түркістан облысы және оның аудандары бойынша енбекке кабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайы мен аурушандық көрсеткіштерінің динамикасын кешенді бағалау. Екіншіден, Әкімшілік аудандардағы денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасуына әсер ететін қатерлі себептерді анықтай отырып, ерекшеліктеріне Карай топтастыру. Үшіншіден, Денсаулық сақтау саласының негізгі корларымен қамтамасыз етілуін бағалай отырып, аумактық аурушандық көрсеткіштерінің күрьымдық деңгейлерин анықтау және алеуметтік-гигиеналық шаралар моделін күрастыру. Төртіншіден, Интегралды бағалауды қолдана отырып, әкімшілік аудандар бойынша тұрғындардың денсаулық топтарын құрастыру және сауықтыру шараларын ғылыми негіздеу.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыскан:</p> <p>1) толық байланыскан; 2) ішінара байланыскан;</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері логикалық тұрғыдан алғанда толық байланыскан. Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес енбекке кабілетті жастағы тұрғындардың</p>

		<p>3) байланыс жок.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сиңи талдау бар; 2) талдау ішінәра жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген; 4) талдау жок.</p>	<p>динамикасына баға берілген. Келесі бөлімде тоғтастыру және де облыстық денсаулық сактау жүйесінің корлармен қамтамасыз етілуіне баға беру арқылы жүргізілген профилактикалық шаралардың тиімділігіне баға берілген. Жұмыстық корыттындау арқылы нағиесінің толық көрсетілген. Яғни жұмыс барысында логикалық бірізділік сакталғандығын толық көруге болады.</p> <p>Бірінші қағидага сәйкес денсаулық көрсеткіштерінің даму деңгейі мен құрылымы олардың түнінда себептерінің таралу заңдылықтарына тәуелді екендігі дәлелденеді. Екінші қағидага сәйкес Әкімшілік аудандарда жүргізілген тоғтастырулар профилактикалық іс-шаралар тиімділігін арттыратындығы көрсетілді.</p> <p>Ушінші қағидага сәйкес аудандардың профилактикалық бағдарламасының ұлтсі денсаулық сактау жүйесінің материалдық корлармен қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен негізделетіндігі дәлелденеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нағиелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыстың нағиелері жаңашылдықтан ерекшеленеді. Түркістан облысында еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында денсаулық көрсеткіштерінің әкімшілік аудандардағы жіктелу ерекшеліктері зерттелмеген. Олардың құрамдық және деңгейлік қалыптасу заңдылықтары анықталмаған. Денсаулық көрсеткіштерінің деңгейі мен құрылымына сәйкес құрастырылған алдын алу шараларының моделі еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар</p>

			арасында әлеуметтік мәні бар ауруларды азайтуға үлкен ықпалын тигізген.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?	Ғылыми жұмыста көрсетілген корытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар, диссертация тақырыбы бойынша жарияланған макалалар жаңа тұжырымдар болып табылады. Диссертациялық зерттеу жұмысының міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа смес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Докторанттың зерттеу жұмысы қазіргі уақыттағы өзекті тақырыптардың бірі және теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Тұрғындарға медициналық комекті үйімдастыру жүйесінің технологиялық моделі бойынша тәжірибелі ұсыныска ғылыми зерттеу інтиқадерін енгізу іницијатива Түркістан облысы бойынша ауруханалардан, емханалардан енгізу актілері алғынан.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және онер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың алдына койған макеттари мен міндеттеріне байланысты зерттеу барысында кешенді замандау ғылыми әдістер колданылған. Статистикалық көрсеткінгер аудандарды тоңтастыруға негіз болған. Тоңтастыру арқылы профилактикалық шаралардың моделі жасалған. Әлеуметтік мәні бар аурулардың динамикасы, таралу деңгейі анықталып, олардың арасындағы айырмашылық анықталған. Яғни көгамдық деңсаулық сақтау саласындағы дәлелді медициналық кагидалары толық орнадалған.
7.	Көрсету шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру кажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме?	7.1 Зерттеу жұмысының негізгі кагидалары бойынша тұрғындардың деңсаулығын арттыруға бағытталған медициналық-

		<p>1) дәлелдені;</p> <p>2) шамамен дәлелдені;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>профилактикалық шаралар бағдарламасын жетілдіруді ғылыми тұрғыда негіздеудін жолы, аудандарды әлеуметтік-медициналық және экономикалық - статистикалық тоғастастыруды, қамтамасыз ететін әлеуметтік-статистикалық әдістеме жасап шығарылған. Түркістан облысы тұргындарының денсаулық көрсеткіштерінің кұрамы, деңгей мен даму бағыттары аудан тұргындарының әлеуметтік-гигиеналық, экологиялық, экономикалық, медициналық-санитарлық, өмір сүру салты себептеріне тәуелді екендігін көрсетti.</p> <p>Профилактикалық шаралар денсаулық сактау жүйесінің материалдық корлармен қамтамасыз етілу мүмкіндіктерімен негізделетіндігі дәлелденді.</p> <p>Коргауға шығарылған негізгі қағидалар тривиалды емес.</p> <p>Зерттеу жұмысының нәтижесі жаңа. Зерттеу нәтижелері тәжірибеге енгізіліп зерттеу актілері алынды.</p> <p>Алынған нәтижелерді колдану деңгейінде кең және шынайы.</p> <p>Автор Scopus мәліметтер базасында импакт-факторлық журналында тақырып бойынша 1 макала, КР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында 5 макала жариялаған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес тұргындардың денсаулығына әсер ететін себептерді анықтау мақсатында Пирсон
	Дереккоздер мен ұсынылған	1) ия;	

	акпараттың дәйектілігі		
		2) жок.	корреляция коэффициентін қолдана отырып, корреляциялық байланыс аныкталған. Интегралды бағалауды қолданып, сауытыру шараларының моделі құрастырылған. Альянгап зерттеу нәтижелерімен математикалық-статистикалық өндөу жұмыстары жүргізілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің казіргі заманғы адістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау адістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи технологияларды қолдана отырып, жұмыстың мазмұнын толықтыра түсken.
		1) ия; 2) жок.	
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, аныкталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	Диссертациялық жұмыстың негізгі корытындылары, қолданылған статистикалық талдаулар, бағандалу бірізділігі, ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар ғылыми нәтижелермен дәлелденген. Профилактикалық шаралардың тиімділігін дәлелдейтін ұсынылған модель емханаларға, ауруханаларға ұсынылып, тәжірибеге енгізіліп, енгізу актілері алынған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган.	Әдеби шолу бөлімінде көрсетілген барлық әдебиеттер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, болжауалар және күмәнді түсіндірүдер қолданылмаган.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Жұмыс барысында барлығы 121 шетелдік және отандық ғалымдардың әңбектеріне шолу жасалған. Аталған әдебиеттер мәселениң өзектілігін толық айқындаиды.
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша

	қағидаты	<p>1) бар;</p> <p>2) жок.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иш;</p> <p>2) жок.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) шінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға, жалпы тұргындар арасында аурушаңдық көрсеткіштерін төмендетуге мүмкіндік береді.</p> <p>Әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуды жетілдірүте ұсынылған модель деңсаулық сақтау ұйымдарының тәжірибелік жұмысында кәсіби шешімдер кабылдауда маңызды болып табылады.</p> <p>Жұмыс жүргізу барысында ұсынылған тәжірибелік ұсыныстар, жаңа деректі мәліметтер профилактикалық шаралардың негізі бола алады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан томен;</p> <p>4) томен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы ғылыми стильдің барлық стандарттарына сәйкес келеді. Ресімдеу құрылымы мен ережелерінің талаптары бойынша стандарттарға сәйкестік тұрғысынан түзетулер енгізу кәжет екендігі анықталып, түзетулер енгізілді. Диссертацияның барлық бөлімдерінде айтартылған грамматикалық, стилистикалық қателіктер анықталған жок. Докторант зерттеудің өзектілігінен бастап корытынды мен тәжірибелік ұсыныстарға дейін маңызды аспектілерін ретімен тақырыптан ауытқымай көрсете билген.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Ғылыми компонент бойынша ескертулер анықталған жок. Авторға келесідей сұрақтар койылды:</p> <p>1) Түркістан облысының аудандарында нақты қандай профилактикалық іс-шаралар жүргізілді?</p> <p>2) Әлеуметтік мәні бар аурулар, оның ішінде нақты қандай аурулар кірді?</p> <p>3) Зерттеу жұмысының тәжірибелік мәні қандай?</p> <p>Сұрақтарға канагаттанарлық жауаптар алынды.</p> <p>Келесідей ұсыныстар айтылды:</p> <p>- Жұмыс барысында жиберілген орфографиялық қателіктерге түзету енгізілді. Диссертациялық</p>	

		зерттеу жұмысы аяқталған зерттеу болып табылады және оқ баға беріледі.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгей (диссертация макалалар сериясы нысанында кораллан жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми деңгейн зерделейді)	Докторант диссертация тақырыбы бойынша Scopus мәліметтер базасында – 1 макала, Казақстан Республикасы Ғылым және Жогары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда – 5 макала жариялаған. Жарияланған макалалар тақырыпқа толық сәйкес келеді. Және жұмыстың нәтижелері ғылыми конференцияларда да бағындалған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Корытындылай келе, Эліпбекова Сандугаш Нұрлыбеккызының 6D110200 – «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Түркістан облысының еңбекке кабілетті жастагы тұргындарының деңсаулық жағдайының жетілдіруде ғылыми негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді. Алға койған мақсаты, міндеттері, колемі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелі маныздылығы бойынша білікті, толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады. Ал докторант Эліпбекова Сандугаш Нұрлыбеккызы 6D110200 – «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

«Астана медицина университеті» КеАҚ-ның

«Қоғамдық деңсаулық және менеджмент»

кафедрасының доценті, философия докторы, PhD

Даuletova G.II.

